

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік монополия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 518 Қаулысы

Ескерту. Қазақстан Республикасының Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2005.12.20. N 1254 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік монополия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік монополия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат):

1) 6-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік монополия субъектілерін мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады.";

2) 14-бап мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік монополия субъектілерін қайта тіркеу үшін мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі талап етіледі.";

3) 16-баптың төртінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Мемлекеттік монополия субъектілерінің қызметін тоқтатуды тіркеуді тіркеуші орган мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады.".

2. "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 71-құжат; 2004 ж., N 11-12, 65-құжат):

18-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) мемлекеттік монополияға жатқызылған салалардағы қызметті жүзеге асыру.".

3. "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13-14, 181-құжат; 2004 ж., N 17, 100-құжат; N 23, 142-құжат):

1-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) уәкілетті орган - топологияларды құқықтық қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.".

4. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 9, 95-құжат; 2004 ж., N 14, 83-құжат; N 17, 101-құжат; 2005 жылғы 16 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңы):

1-баптың 2-1) тармақшасы алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ол ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті